

Өрт сөндіру жүйесін Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 11 қазандағы № 142 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Өрт сөндіру газын сақтауға арналған баллондардан, іске қосу баллондарынан, коллекторлардан, бүріккіш шүмектерден, сигнал беру және іске қосу құрылғыларынан, өртті анықтау және хабарлау құрылғыларынан, бақылау-өлшеу аспаптарынан және басқару шкафынан, құбырлардан тұратын және өрт дабылы аспаптарынан басқару сигналы түскен кезде өрт сөндіру газын бұрқуге арналған өрт сөндіру жүйесі Сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1, 4 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8424 10 000 0 қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович